«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

30.07.2019г. № ІША-3-14/2365

"ЕрК Астана" ЖШС-і

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(ары қарай - Департамент)*, Сіздің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 49393 шағымыңызды қарап, келесідегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидаларының *(ары қарай - Қағидалар)* 155 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (**1 %**) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (**0,5 %**) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (**0,2 %**) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте, Қағидалардың 161 тармағына сәйкес, конкурсқа қатысатын әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қараған кезде конкурстық комиссия осы конкурста сатып алынатын тауарларды беру, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету нарығында ғана, оның ішінде тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ұқсас түрлері бойынша жұмыс тәжірибесін қарайды.

Қағидалардың 5 Қосымшасы Ескертпесінің 5 тармағына сәйкес, егер конкурс нысанасы құрылыспен, жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттармен байланысы жоқ жұмыстардың өзге түрлері болып табылған жағдайда орындалған жұмыстар актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады.

Бұдан бөлек, Қағидалардың 157 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушіде сапа менеджменті жүйесінің ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға сертификаттау жөніндегі органдар, аккредиттеу жөніндегі аккредиттелген орган немесе Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдар берген құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз (**2 %**) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Сонымен қатар, Қағидалардың 158 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушіде қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия бір пайыз (**1 %**) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Осылайша, Сіздің өтініміңізге қолданылатын шартты жеңілдіктің мөлшері - 6 % құрайды *(сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуы - 2%; қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуы - 1%; жұмыс тәжірибесінің болуы - 3% (6 жыл))*.

Камералдық бақылаудың қорытындысы бойынша Департаментпен камералдық бақылауды жүргізудің Қағидаларына сәйкес шаралар қолданылатын болады.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым беруіңізге болады.

Басшының орынбасары **Б.Меңдібаев**

Орынд. Кунедилов Ж.Ж.
Тел. 8 (7262) 43-54-60